

# «Ән домбыра, күй домбыра, жыр домбыра»

Өнер мектебінің төрінде домбырашылар арасында аудандық фестиваль өтті



Жас домбырашылар сахна төрінде өз өнерлерін шыңдады



Ұлағатты ұстаздар қауымы Алғыс хаттармен марапатталды

мектептерінің ұстаздары мен оқушылары қатысып, халық алдында өз өнерлерін шыңдады.

Құрманғазы – қазақтың классик күйші – композиторы, күрескер, батыр ұлы. Халық оны «Күй атасы» деп атап кеткен. Құрманғазының күйлері тек Қазақстан аймағында ғана емес, бүкіл әлемге кеңінен тараған. Қазақтың қара домбырасының күй өнері, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлтымыздың рухани құндылығы. Қос ішектің күмбірімен шанағынан сыр ақтарған домбыра

тілі - ел өнерін жаһанға танытқан асыл әуен. Қазақ тарихының өнер әлемінде тылсымнан тербеп күй төккен Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Есір, Тәттімбет, Махамбет, Дина, Сүгір, Қазанғап сынды күй қырандарының дәстүрлі жолын ұстанған ұрпақтар, күй өнерінің дарабоздары, күйші, домбыраалар қаншама.

Аудандық білім бөлімінің басшысының м.а. Гүлдана Ахметова фестивальдің іске асуына атсалысқан ұстаздар қауымы мен қатысушы оқушыларға өз алғысын білдірді

- Домбырашылар фестивалінің біздің ауданымызда бастау алғаны біз үшін үлкен мақтаныш. Ұлы күйші аталарымыздың күйлерін, қос ішекті, қоңыр үнді домбыраның құлағында ойнап, әсем әнмен әуендететін балапандарымыздың өсіп келе жатқандығы бізді қуантады. Бүгінгі шараның іске асуына өз септігін тигізген ұстаздар қауымы мен ұйымдастырушыларға өз алғысымды білдіремін, - деді Гүлдана Айтмағанбетқызы

Домбырашылар күйші аталарымыздың аты

әлемге танымал «Адай», «Тепеңкөк», «Нар ағач», «Балбырауын» сынды күйлерін орындап, жиылған жұртшылықтың көзіне жас ұлағатты. Аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әнмен әуелетіп, өнер мектебінің сахнасын гүлдендіре түсті.

Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік жиынға қатысушы оқушылар мен ұлағатты ұстаздар қауымы марапатталды. Айта өтетін болсақ, Хамит Мұстафин, Мейір Нұрмұ-

хамбетов, Марат Омаров, Рысқұл Найманбаева, Мейрамгүл Мұсабаева, Саят Әміржанов, Ерлан Халиев атты ұстаздар алғыс хаттармен марапатталды.

Ұлы тұлғаларды еске алатырып, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ бойындағы қасиеттерді дамыту аясындағы іске асқан жобалар легі өз жалғасын тапса дейміз. Бүгінгі шараның қатысушылар мен ұстаздар қауымын құттықтай отыра, шығармашылық табыс тілейміз!

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



Маусым айының 2-ші жұлдызында аудандық өнер мектебінде күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай аудандық домбырашылар арасында фестиваль өтті. Өнер фестиваліне аудан